



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АСТАНА – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰМАРЫ



6 шілде – еліміздің бас қаласының туған күні. Алғашында Ақмола атанып, кейіннен Астана атын иемденген елордамыз 2019 жылдың 20 наурызынан бастап Нұр-Сұлтан аталып келеді. Үш жылдан бері құлаққа сіңісті болған жаңа есімнің алғашқы Президент құрметіне қойылғаны белгілі. Астананың 10 жылдық мерейтойы қарсаңында «Мерекелер туралы» заңға толықтыру енгізу туралы» заң жобасы мақұлданып, соған сәйкес астана күні жаңа мемлекеттік мереке болып белгіленген болатын. Сөйтіп еліміздегі мәні зор, маңызы айрықша мерекелердің қатары тағы бір күнмен толыққан еді.

(Соңы 3-бетте)

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

Біз, Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік қызметшілері мансаптық Бесу мен ондаған мемлекеттік қызметшінің тағдырына әсер етуі мүмкін мәселені көпшілік назарына шығарғымыз келеді. Бұл мәселе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі тарапынан біржақты, жазалау тәртібімен ғана қаралмауға тиіс.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 11-бабына сәйкес, мемлекеттік лауазымға тағайындалғанға дейін кандидаттар өздерінің активтері мен міндеттері туралы декларацияны ұсынуы тиіс. Аталған баптың нормасын бұзғаны үшін Қазақстан әкімшілік заңнамасында екі жауаптылық көзделген. 272-бап – салық есептілігі, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасын айқындау үшін қажетті құжаттарды ұсынбағаны, сондай-ақ, салық есептілігінде толық емес, анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін мемлекеттік қызметке тағайындалған адамға қатысты қолданылады. Ал 680-бап – бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасын айқындау үшін қажетті шара қабылдамағаны үшін мемлекеттік орган басшыларына қолданылады. Бізді алаңдатып отырғаны да осы. Енді мәселенің мәніне тереңірек тоқталайық.

Қазір мемлекеттік қызметшілерді бір құжат үшін, атап айтқанда декларацияларды уақытылы тапсырмау, дәл уақытында тапсырмағаны үшін жұмыстан босататын болды. Бір қызығы, заң бойынша жұмысқа қабылданған, немқұрайдылыққа жол берген қызметкерлер жұмыста қалады да, тек «ескерту» алумен шектеледі. Ал осы қызметкерді қабылдаған басшы декларацияны уақытында тапсырмаған қызметкердің салғырттығы үшін үш жаза алады. Атап айтқанда, 100 АЕК көлемінде айыппұл төлеп, жұмыстан кетуі тиіс, сонымен қатар, 3 жыл мемлекеттік қызметке кіру мүмкіндігінен айырылады. Біз осындай кереғарлықпен бетпе-бет келіп отырмыз. Қарауымыздағы қызметкерлердің бейқамдығынан енді басшылар зардап шекпек.

Сонда әділеттілік қайда? Біздің конституциялық құқық қайда? Осыған орай Президент пен құзырлы органдардан мәселені тексеруді және шешуді

сұраймыз. Осындай жаза белгілеу әділеттілікке жатпайды.

Осы жағдайларды саралай келе, заңдардың белгілі бір баптарын қайта қарауды және өзгерістер енгізуді сұраймыз. Атап айтқанда, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға, ӘҚБтК-ге үлкен өзгеріс керек. «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда мемлекеттік қызметші мәртебесі көзделмеген, мемлекеттік қызметшіні, оның ішінде 20 жылдан астам қызмет еткен мемлекеттік қызметшілерді қорғау жок.

Әсіресе, ҚР ӘҚБтК-нің 680-бабын келесі негіздер бойынша қолдануға келіспейміз: ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен біздер арасындағы еңбек қатынастары «Еңбек кодексімен» реттеледі. ҚР ЕК-нің 32-бабына сәйкес еңбек шартын жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі көзделген.

Бұл:
1) Қазақстан азаматының жеке куәлігі немесе паспорты.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙІНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр. Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!**



Алексей АБИЛОВ,
Т.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институтының профессоры:

«СӘУЛЕТ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ»

– Алексей Жайылханұлы, қалалар мен елді мекендерді дамытуда қазір қандай оң өзгеріс бар?

– Қазіргі Қазақстандағы қалалар мен аумақтардың тұрақты дамуы тақырыбы қаңтардағы оқиғалардан кейін қазақстандық қоғам дамуының көптеген өмірлік маңызды аспектілерін қайта қарау керектігін алға шығарды. Осындай аспектілердің бірі, біздің ойымызша, Қазақстандағы қала құрылысы қатынастары саласының тұрақты дамуымен өзектес.

(Соңы 5-бетте)

ОЗЫҚ ЕЛДЕРДЕН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы, Жоғарғы Соттың судьясы С.Абдолла және департамент басшысының орынбасары А.Мусралинов Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі сот билігінің тәуелсіздігі мәселелері жөніндегі Киев конференциясының ұсынымдарына түзетулерді талқылау жөніндегі халықаралық семинарға қатысты.



ЕҚЫҰ ДИАКБ (Еуропаның Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы) қолдауымен ұйымдастырылған іс-шара Варшава қаласында өтті. Бұл сот басқаруының, судьяларды іріктеу мен олардың есептілігінің өзекті мәселелерін талқылау үшін қазақстандық судьялар қоғамдастығының өкілдері шақырылған алғашқы кездесу емес. Биылғы семинар Қазақстанның сот жүйесінің ерекшелігін ескере отырып, Киев ұсынымдарын пысықтауға арналды. Басты назарға сұрақтардың 3 блогы алынды: олар сот кеңестері мен өзін-өзі басқару органдары, олардың есептілігі; тәртіптік органдар мен тәртіптік іс жүргізу; судьялардың пікір білдіру бостандығы мен қауымдастықтар бостандығы құқығы.

Жоба аясында бірқатар новеллалар мен нақтылау ережелері ұсынылды. Атап айтқанда, сот кеңестері сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін сот басқаруының нақты міндеттеріне және тәуелсіз өкілеттіктерге ие органдар ретінде қарастырылады. Өкілеттіктердің бір судья органының қолында шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін, сондай-ақ, корпоративтіліктің көрінуін болдырмау үшін өкілеттіктердің аражігін ажыратуды, оның ішінде судьяларды іріктеу, қызметі бойынша жоғарылату және оқыту, тәртіптік ықпал ету шаралары, кәсіби қызметті бағалау және бюджет мәселелері бойынша жүргізу ұсынылады.

Ұсынылған нұсқаның бірі бір институттың немесе уәкілетті құрылымның бақылауында болмайтын сот басқаруының нақты мәселелеріне жауапты бірнеше тәуелсіз орган құру. Мұндай органдардың жұмысы атқарушы биліктің актілерінде емес, заң деңгейінде сипатталуы керек. Судьяларды сот кеңестеріне әріптестері тандап, олар бүкіл судьялар корпусын білдіруі керек.

Іріктеудің демократиялық нысаны, судьяларды қабылдауға жауап беретін комиссияның тәуелсіздігі; тәртіптік істерді тыңдауға және олар бойынша шешімдер шығаруға жауапты, құрамына тек судьялар ғана емес, заңды емес кәсіптердің, азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері де кіруі тиіс органдар жөніндегі рәсім, өлшемшарттары және қамтамасыз етілуі жөнінде ұсыныстар берілді. Бұл ретте, комиссия мүшелері судьялар қоғамдастығына қатысты әкімшілендіруге, бюджетке немесе судьяларды іріктеуге байланысты басқа да функцияларды орындамауға тиіс. Судьялық тәртіп мәселелерімен айналысатын органдарды атқарушы билік бақылауы, олардың жұмысына ешқандай саяси ықпал жасалмауы керек.

Тәртіптік мәселелер жөніндегі тыңдауларға келетін болсақ, егер судья жабық тыңдауды қажет етпесе, олар ашық болуы тиіс. Бұл ретте сот осы талаптың негізді болып табылатындығын шешуге құқылы. Тәртіптік істер жөніндегі шешімдерге құзыретті сотқа шағым жасалуы мүмкін. Сот төрағалары тәртіптік іс жүргізуді қозғай алмайды. Судьяны бір соттың шегінде немесе басқа сотқа ауыстыру тәртіптік санкция ретінде емес, оның келісімімен ғана мүмкін болады. Ерекше жағдайларда уақытша іссапарға жіберуге жол беріледі. Егер юрисдик-

циялар судьяларды тәртіптік шара ретінде ауыстыруды қарастырса, онда заң осы шараны қолданудың мән-жайлары мен тәртібін белгілеуі керек.

Судьяның жұмысын бәсекелестік процесс шеңберіндегі объективті құрал ретінде бағалау судьяны тең немесе одан жоғары лауазымға ауыстыру кезінде қолданылуы мүмкін. Судьялар шектеулі мерзімге тағайындалмауы керек, өйткені бұл олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығына қауіп төндіреді.

Департамент басшысы Константин Вардзелашвилимен және ЕҚЫҰ ДИАКБ кеңсесі Басқармасының басшысы Генадие Барбамен бейресми әңгімелесу шеңберінде одан арғы ынтымақтастық аспектілері, сондай-ақ, Қазақстандағы Конституциялық реформа мен Конституциялық сот құруға қатысты мәселелер қозғалды. Екі мемлекеттің сот жүйесі арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру Қазақстанның Польшадағы Төтенше және өкілетті елшісі А.Қирабаевпен кездесуде талқыланды. Елшіліктің қолдауымен Польша Жоғарғы Соты Тәртіптік палатасының төрағасы, судья Павел Зуберт, Польша Жоғарғы Сотының баспасөз хатшысы, судья Александр Степковский және Сот әкімшілігі өкілдерімен мәнді және кәсіби әңгіме өтті. Шетелдік әріптестер сот жүйесінің жалпы сипаттамасын беріп, сот сатыларының негізгі функционалдық және құрылымдық ерекшеліктері туралы әңгімелеп берді. Бүгінгі таңда 38 миллион адам тұратын елдің судьялар корпусында 10 мың судья бар.

Қазақстандық делегация «Әділет» поляк судьялары қауымдастығы басқармасының мүшесі Аркадиуш Томчекпен кездесті. Судьялар қауымдастығының сайланбалы органы 3 жылға сайланатын 10 мүшеден тұрады. Қоғамдық бірлестіктің мақсаты мен міндеті – сот құндылықтарын нығайту, жобаларды, идеяларды әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру, судьяларға, оның ішінде басқа елдердің судьяларына материалдық-техникалық көмек көрсету. Тек сот мәселелерін шеше отырып, ол саясатпен айналыспайды. Қауымдастық судьяны, егер ол қабылдаған шешім үшін қысым көрген жағдайда және оны заңсыз жұмыстан шығарудан қорғау үшін шаралар қабылдайды.

ҚР Судьялар одағының төрағасы Сәкен Абдолла сапарды қорытындылай отырып, біздің елдеріміздің сот жүйесі модельдерінің, әрине, жекелеген құқықтық айырмашылығы бар екенін және поляк әріптестері жинақтаған тәжірибе тиімділігі мен құндылығы қызықтырғанын атап өтті. Сот басқаруы, судьяларды іріктеу және есептілік туралы Киев ұсынымын қамтыған ұсыныстар мен шаралар аясындағы сараптамалық пікір алмасу бізге сот жүйесін жетілдірудің жалпы тәсілдерін табуға, демократиялық мемлекеттің мүдделеріне сай келетін модель құруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сот тәуелсіздігінің, құқық үстемдігінің озық халықаралық стандарттарын енгізе отырып, қазақстандық сот жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналады.

Агния БЕРКІМБАЕВА

ҚҰҚЫҚ

Кісі ақысын жеудің кінәсі ауыр. Алайда жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүруді әдет еткендер қиянат жасаудың қияметін түсініп жатқан жоқ. Әсіресе, күнкөрісі малмен байланысты ауыл халқына ұрылардың зардабы аз тимейді. Мал ұрлығының алдын алуға, мал ұрлығына байланысты қылмыстық жазаны қатаңдатуға байланысты қарымды қадамдардың жасалуына ұрылардан зардап шеккен ауыл халқының базынасы түрткі болғаны анық.

КІСІ АҚЫСЫН ЖЕУДІҢ КІНӘСІ АУЫР

Халықтың пікірін тыңдап, елдің ұсынысын ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезінде: «Қазақ амаңдасқанда «Мал-жан аман ба?» деп жөн сұрасқан. Дегенмен, соңғы кезде қорадағы малын таппай қалатын азаматтар көбейіп барады. Ұрлық жақсылыққа апармайды! Бұған тыйым салу керек! Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет! Заңды қатайтып, қылмыскерлерді сыбайластарымен қосып, қатаң жазалау керек», – деп құзырлы органдарға заңды қатайту бойынша тапсырма жүктеген еді.

Осының негізінде 27 желтоқсан 2019 жылғы заңмен Қылмыстық кодексе 188-1-баппен толықты. Қолданысқа енген өзгерістерге сәйкес, мал ұрлығы үшін жауаптылық қатаңдатылған. Бұл өзгеріс қолданысқа енгізілгенге дейін тұрғын үй, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кіріп мал ұрлағандар бес жылға дейін бас бостандығынан айырылатын. Ал жаңа өзгерістерге орай енді тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кіріп мал ұрлағандарға он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылып отыр. Осылайша мал ұрлығы ауыр қылмыстар санатына қосылды.

Аталған заңда қамтылған тағы бір ерекшелік, мал ұрлығы бірнеше рет жасалса немесе тұрғын-жайға кіру арқылы жасалса кінәлінің жәбірленушімен татуласып жауаптылықтан құтылуына жол берілмейді. Бұрын қалай еді? Жаңа заң қолданысқа еңбей тұрып ұрылар қолға түскенімен, жәбірленушілерге залалды қайтарып, кешірім алса,

жауаптылықтан босатылатын. Осыны пайдаланған құқық бұзушылар жазадан оңай құтылған соң, бұрынғы жаман әдетіне қайта басын.

Қазақтың ежелгі кәсібі – мал шаруашылығы. Мал – қазақтың ішсе сусыны, жесе – тамағы, сатса – пұлы, кісе киімі болып келген. Әлі күнге дейін ата кәсіпті жандандырып, табысын мал шаруашылығы арқылы еселеп отырған жандар баршылық. Мал өсірудің қияметін, қиындығын баққан адамнан артық ешкім білмейді. Сырт көзге байқалмағанымен, бүгінгідей заманда малдың жем-шөбін табу, қора-қопсысын жөндеу, күнітүні бағу оңай емес. Қайтсем бір малымды екеу етемін деп елден жырақ, жайлы өмірден алыста күн кешіп жатқан ағайынға бір малын жоғалтудың өзі оңай тимейді. Ал ұрылар мал иесінің мұң-зарын елеп жатқан жоқ. Оңай олжаға үйренген оларға біреудің баққан малын арзан бағаға өткізе салу да түкке тұрмайды. Өйткені, еңбегі сіңген жоқ, тауқыметін тартқан жоқ. Мұндай жандарды тек қатал заң ғана тәубеге келтіре алады.

Десек те, заңды қатайтумен мал ұрлығына қатысты мәселе толық шешіледі десек қателесеміз. Мұндайды қазақ «Қойынды алдырғаннан кейін қораны бекіткеннен пайда жоқ» деп әдемі ескертіп кеткен. Шындығында мал ұрлығының алдын алу әуелі азаматтардың өзіне байланысты. Малың таңбалап, бақташыға тапсырудың маңызы зор. Малың өрісте қараусыз қалдырып, жоғалған кезде өз бетінше іздеп уақытын ұттыратын азаматтар да ұрлықтың дер кезінде ашылуына кедергі келтіреді. Сондықтан, мал



Ерлан ИЛЬЯСОВ,
Қордай аудандық сотының
төрағасы

ұрлығы анықталған сәтте құзырлы органдарға жедел хабарласу қылмыстың дер кезінде ашылуына септігін тигізеді. Бұған қоса, мал өткізетін, мал сататын базарларда да бақылауды күшейту керек. Сондай-ақ, мұндайда халықтың бөгде адамдарға көңіл бөліп, тосын жағдайларға атүсті қарамауы да күшті рөл атқарады. Қоғамда қылмысқа қарсы иммунитет қалыптасып, азаматтар өзі көрген, куә болған құқықбұзушылықтар туралы жасырмай айтуды әдетке айналдырған кезде теріс әрекеттер де азаяр еді.

Соттарда осы санаттағы қылмыстық істерді қарау барысында әрбір дәлелдемені аса ұқыптылықпен зерттеп, әсіресе, сотталушының жауаптарын істегі дәлелдемелермен, жәбірленуші мен куәлардың айғақтарымен, тікелей және қосымша дәлелдемелермен салыстыра отырып бағалау қажет. Мұндайда ақша аударымдарына, абоненттік нөмір қозғалысына, сөйлесу стенограммаларына, фонограммалар, жазбалар, фотосуреттер, баспа-таңбаларға жігі көңіл бөлу керек.

Бүгінде мал ұрлығына қатысты жазаның қатаңдатылғаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кең көлемді, құқықтық мәлімет беруге тырысып жатырмыз. Бұл мал ұрлау қылмысын азайтуға, олардың алдын алуға, салдарынан туындайтын ауыр зардаптарды болдырмауға, жәбірленушілердің құқықтарын қорғауға септігін тигізеді деп сенеміз.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ҮЙЛЕСТІРУШІ СУДЬЯЛАР – СОТТЫҢ АЙНАСЫ

Жоғарғы Сот – жаңа бастамалардың жаршысы, батыл реформалардың күретауы. Өзге құрылымдармен салыстырғанда қазақстандық сот халыққа көрсетілетін қызметтің сапасын көтеруге, ашықтығын арттыруға, жедел де тиімді жұмыс жүргізуге бірінші қадам жасайды.

Заманауи технологияның көмегіне сүйене отырып сот отырысы залдарын толықтай дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен жабдықтап, сот құжаттарын электрондық форматқа алғаш көшірген де – отандық сот. Арыз-шағымдарды да онлайн қабылдап, көпшіліктің сауалына да қашықтан жауап беруге дағдыланған қазақстандық соттың әлемді әбігерге салған карантин кезінде жұмысын ақсатпай, істерді онлайн қарауға бірден төселіп кеткенімен көпшілік хабардар.

Осының бәрі ел тілегін, халық ұсынысын ескере отырып жасалған іс-шаралардың озық нәтижесі десек болады. Халық пен сот арасындағы алтын көпірді жалғастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі аз емес. Соған орай соттардың арнайы сайттары жұмысын жолға қойып, әлеуметтік желідегі парақшалары да көпшілік іздеген сауалдарға толымды жауап беретіндей манызды ақпаратпен толықтырылды. Дәл осы істі бізге түсіріп, мақсатты шараның оң нәтиже беруінде үйлестіруші судьяларға артылған жауаптылық жоғары болды.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты үйлестіруші судьялардың қызметі мен міндеті бүгінде көпшілікке жақсы таныс. Олармен, әсіресе, БАҚ өкілдері тығыз байланыста жұмыс істейді. Үйлестіруші судья ретінде сот саласында үлкен тәжірибесі бар, көпшілікпен тез тіл табыса алатын, сауалдарға тыңғылықты, сауатты, парасатты жауап бере алатын қазылардың таңдалатыны белгілі. Оларды – сот саласының айнасы десек қателеспейміз. Өйткені, үйлестіруші судьялар күнделікті ақпарат құралдарында жарық көрген мақалалар мен бағдарламалар бойынша сұрақтарға жауап беруге, қажет кезіне заңдарды түсіндіруге, көпшілік сауалын жауапсыз қалдырмауға машықтанған.

Үйлестіруші судьялар – әлеуметтік желіде де белсенді жұмыс жүргізеді. Жаңа қабылданған заң,

талқыланып жатқан заң жобасы, енді жүзеге асырылып жатқан пилоттық жобаларды таныстыру, олардың мақсат, мүддесін түсіндіру ісінде де үйлестіруші судьялар насихат жұмыстарының басы-қасында жүреді. Сонымен бірге, көпшіліктің қызығушылығын тудырған шұлы істерге, соттағы тосын жағдайларға, судьялардың теріс әрекетіне қатысты түсінік беріп, жағдайдың ақ-қарасын айыру да үйлестіруші судьялардың құзырында.

Бүгінде аудандық және оған теңестірілген соттардың өзінде баспасөз қызметін үйлестіруші судья, жауапты мамандар бекітіліп, жұмыс атқарып жатыр. Олардың негізгі міндеті сот жүйесінің имиджін көтеру мақсатында жоспарланған шараларды жүзеге асырып, БАҚ-пен байланысты нығайту. Сондай-ақ, соттағы соңғы жаңалықтарды, қабылданып отырған іс-шараларды БАҚ өкілдері арқылы халыққа дер кезінде жеткізу. Осының арқасында әділ сот төрелігі қызметінің жариялылығын, ашықтығын қамтамасыз ете отырып, ел азаматтарының құқықтарын түсіндіру. Бұл жұмысты дөңгелетіп алып кеткен судьялар мен мамандар сот беделін көтеруге өлшеусіз үлес қосуда.

Құқықтық саланы журналистердің бәрі жетік біле бермейді. Тексерілмеген ақпарат пен біржақты берілген пікірді оқырманға ұсынудың заңдық тұрғыдан қате екенін түсіндіріп, құқықтық сауатты көтеруде де үйлестіруші судьялар ауқымды жұмыстар жүргізуде. Сот отырысына қатысудың тәртібі, сотта өзін-өзі ұстау шарттары, сот істері туралы ақпаратты таратудың заңдық негіздерін үйрету мақсатында үйлестіруші судьялар өткізген семинар-тренингтерге журналистердің алғысы шексіз. Мұндай шаралар сот жұмысы, судьялар қызметіне қатысты тексерілмеген ақпараттардың көпшілікке тарамалуына, сауатсыз материалдардың алдын алуға ықпалын тигізеді. Ендеше, осындай ауқымды жұмыс жүргізіп жатқан үйлестіруші судьялардың сот имиджін көтерудегі еңбегі зор.

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы


ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЫ М.АХМЕТЖАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

Республикалық «Заң газетіне» Алматы облысы, Балқаш ауданы, Жиделі ауылының тұрғыны Байғұт Жарқынбаев арыз айтып келді. Арыз иесінің сөзінше 2015–2021 жылдары 4 жылқысы, 12 ірі қарасы ұрланған. Осы аралықта полицияға қанша арызданса да, еш нәтиже болмайды. Полициядан қайран болмаған соң, ақсақалдың ақ адал малының қайтпайтынына көзі жетіп, көңілі де сене бастаған. Оның үстіне, көршісі Батырбек Асқарбековтің мұның малына ең салып алғанын көріп, шағым айтып барғанда Балқаш ауданының прокуроры А.Раев «таңбаны қора ішінде салғандықтан, қараңғыда бөтен малды байқамай қалған» деген қисынсыз уәж айтып, бұрынғы ұрлықтар да ашылар деп барған ақсақалдың көңілін су сепкендей басқан екен.

БАЛҚАШ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ «ҚЫЛМЫСТЫ АШУ» ӘДІСІ БӨЛЕК

Ауыл тұрғыны Айдос Әділовтің хабарламасы жоғалғаны кетті, қолда барына қанағат деп можантапай күн кешіп жатқан Байғұт Жарқынбаевтың үмітін қайта оятқандай еді. Батырбек Асқарбековтің малшысы болып жұмыс істеген Айдос Әділов жақында үш сиырды сойып, қалаға жібергендерін, соның бірі осы Жарқынбаевтың бұқасы екенін айтып, сөзін кез келген жерде дәлелдеп беретінін алға тартады. Байғұт Жарқынбаев біреу айтты деп елп ете қалатын, жай сөзге еретін жастағы азамат емес. Полицияға арыз бермес бұрын Айдос Әділовтен оқиғаның жай-жапсарын тағы да пысықтап, біреуге нақақ жала жабудың күнә екенін тәптіштеп ескерттің алады.

Осылайша 2021 жылдың 30 желтоқсанында Байғұт Жарқынбаев баласы Жандос Жарқынбаевпен бірге Алматы облысы Балқаш ауданының полиция бөліміне арыз жазып, куәгерді көрсетіп, ұрыдан малын өндіріп беруді сұрайды. Неге екенін жазылған арызды Балқаш полициясы тіркемеген. Бұл полиция тарапынан кеткен ең бірінші



кателік. Осы әрекеті арқылы Балқаш полициясы «кез келген арыз электронды тіркеледі. Қылмысты жасырып, жабуға жол берілмейді» дегенді қоғамның санасына сіңірген Ішкі істер министрлігінің мәлімдемесін жокқа шығарып отырған жоқ па?

Әкелі-бала бір ай ішінде полициядан еш қозғалыс болмаған соң, екінші рет 2022 жылдың 28 қаңтарында тағы арызданады. Бұл жолы да арыз тіркелмейді. Тек полицияға қайта-қайта барған соң 04.02.2022 жылғы арыз ғана тіркеліп (талон номері 221936035000205), жәбірленушіге талон берілген.

Енді қараныз, жәбірленушінің арызы бар, Айдос Әділов куәгерлік етіп отыр. Ары қарай қылмысты ашуға не кедергі? Ал полиция қылмысты ашудың орнына «Батырбек Асқарбеков сүттен ақ, судан таза, оның ұрлыққа еш қатысы болуы мүмкін емес» деген сынайда ауылдың бір топ тұрғынынан түсінік алған. Дұрысы полиция мал ұрланып, Алматыға жөнелтілген күні көзге түскен бөтен көлікті, осы оқиғаға куә болған жандарды іздеуі керек емес пе? Оның орнына олар Батырбек Асқарбековты ақтайтын азаматтар іздейді. Бір қызығы, ұрлық болған күні Б.Асқарбеков өз шаруасымен айналысты, қылмысқа қатысы жоқ деп қол қойған азаматтардың біразы бұл түсінік туралы білмейді, кейбірі тіпті бұл ауылда тұрмайды. Мәселен, А.Сабалақов, Н.Темірбаев, Ф.Молдабайұлының ауылда тұрмайтынын Жиделі ауылының әкімі А.Алтынбаев растап анықтама берген. Ендеше, полицияның Жиделіде тұрмайтын адамдарға «Батырбеков қылмыс жасамады» деп куәгерлік еткізуі қаншалықты қисынды? Жалпы, Балқаш полициясының қылмысты ашудың орнына, куәгері бар қылмысты жанталасып жабуға тырысқаны несі?

Редакциямызға арнайы келген Байғұт Жарқынбаев «Осы уақытқа дейін қаншама малым қолды болды. Барлығы сұраусыз кетті. Бұл жолы куәгер табылған соң іске бір қозғау болатын шығар деп едім. Ал полиция жалған түсінік жинап мені жалақор етіп көрсетуде. Енді мен малымды қайтаруды емес, өзімнің таза атымды сақтауды мақсат етіп жанталасып жүрмін» деген базынасын жеткізді.

Арыз қолымызға тигеннен кейін Алматы облысы полиция департаментіне сұрау салған едік. 7 маусым күні жолдаған сауалымызға ешқандай жауап келмеді.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АСТАНА – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰМАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қалай десек те бұл күннің Қазақстан тарихындағы орны бөлек. Өйткені, астананың ауысуында үлкен стратегиялық мән бар. Қаржылық шығыны мол болғанымен, бұл мемлекеттік бастаманың өзіне жүктелген үдеден шығып, тапсырылған миссияны мүлтіксіз орындап келе жатқанына халық куә. Қазақстанның жүрегінде орналасқан әсем қаланың бүгінде сәулеті келіскен, мәртебесі асқақтаған. Ақорданың көшін орталыққа бұру арқылы Есілдің бойында ертегідей әдемі шаһар бой көтерді. Талай жастың арманы болып, жас отбасылардың жаңа өмір бастауына жол салған астанамыздың халықаралық аренадағы орны да биік. Оны соңғы

жылдары елорданың бірнеше мәрте халықаралық келіссөздер алаңына айналуынан байқау қиын емес.

Тәуелсіздіктің тұмары іспеттес бас қаламыз осы уақытқа дейін халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Соңғы жылдар ішінде Қазақстанның елордасы бірнеше рет барша әлемдік қоғамдастықтың басты назарына ілінді. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар өтуде. Сонымен бірге, ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері де астана төрін дүбірте толтырды. Елордада ЭКСПО ха-

лықаралық көрмесінің өтуі ЭКСПО қалашығының бой көтеруіне түрткі болды. Жалпы, Еуразия құрлығының ортасында қолайлы орналасуы астананы экономикалық тұрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналуына ықпалын тигізді.

Бас қаланы дамыту, түрлендіру бағытындағы жұмыстар әлі де жалғаса береді. Ал осы істердің нәтижелі, жемісті болуы астаналықтардың ғана емес, барша қазақстандықтардың міндеті. Іргетасы берік, шыңарағы биік болған астанамыз әрқашан ел күтетін сүйінші жаңалықтардың жаршысы, игілікті істердің қайнары болғай!

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

- 2) білім туралы құжат;
- 3) еңбек қызметін растайтын құжат ;
- 4) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат.

Кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасау үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұрған кезде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Сондай-ақ, ҚР ЕК 26-бабының 2-тармағына сәйкес еңбек шартын жасасуға және жұмысқа орналасуға тыйым салу мен шектеулер көзделген.

Ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қабылдау және тағайындау кезінде осы құжаттардан басқа құжаттар сұратылмайды. Жоғарыда көрсетілген құжаттар мемлекеттік қызметтер тізбесіне кіреді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты бойынша өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынады. Азаматтық қызметшілерді (мемлекеттік қызметке теңестірілген), атап айтқанда басшыларды жұмысқа қабылдаған кезде құжаттар тізбесінде декларацияларды тапсыруы туралы анықтама көрсетілмеген. Бұл әрбір жеке және заңды тұлғаның тұрғылықты жері бойынша ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне өз бетінше тапсыруға міндетті жауапкершілігі деп санаймыз.

Ал БҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тарапынан бізге қатысты толтырылған хаттама дұрыс емес, біліксіз және өте сауатсыз жасалған. Өйткені, ӘҚБтК-нің 680-бабы 1-бөлігі осы заңнамада іс жүзінде жоқ. Осы жағдайды ескере отырып, жасалған хаттаманың заңдылығын қайта қарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жауапты қызметкерінен жауапкершілікке тартқан жөн. Хаттамада іс жүргізу тілі бұзылған, хаттаманың бір бөлігі мемлекеттік тілде, бір бөлігі ресми тілде толтырылған. Шын мәнінде хаттамада дәйектелгендей біздің әрекетімізге сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің фактісі жоқ. Мемлекеттік қызметкердің декларацияны кешіктіріп тапсырғанынан мемлекетке белгілі бір залал келмейді. Бұл жерде жазаның елеусіздігі ескерілуі тиіс, тіпті, мемлекеттік қызметшілерге қатысты баптың өзі де қатаң жаза деп білеміз. Бұл біз үшін ең жоғары және қатал жаза.

Қолданыстағы заңға және заң баптарына белгілі өзгерістер қажет, өйткені мұнда адамдардың тағдыры мен мансабы

тұр. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұл бап мансаптық өсуге және жалпы мемлекеттік қызметтегі жұмысқа кедергі келтіреді. Басшы лауазымдарында жұмыс көлемінің үлкен болуына байланысты демалыссыз, тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн жұмыс істейміз. Біз кадрлық тексеруден өттік. Бұл мәселеде аталған құжатты уақытылы талап етпеген персоналдың кадрлық қызметінің де жауаптылығы бар.

Мұндай жағдай мемлекеттік қызметшілердің өміріне, отбасына теріс әсер етуі мүмкін. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметтен басқа кірісі болмайды және әрқашан заңға бағынады. Біздің арамызда көпбалалы, жалғызбасты аналар, несиелері мен ипотекасы бар мемлекеттік қызметшілер бар. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілердің штат саны қысқартылды, тиісінше жүктеме 2 есеге артты, дегенмен, жалақыны көтергендері үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.


Біздің арамызда хаттамамен танысқан, бірақ әкімшілік айыппұл төлемеген әріптестер бар. Әкімшілік айыппұлдарды төлеген, бірақ оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері жаңылыстырған және мерзімінен бұрын хаттамаларға қол қойған әріптестер де бар. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының жауапты, адал және заңға бағынатын азаматтары болғандықтан, олар мемлекет үшін белгілі бір құрбандықтарға әрқашан дайын, бірақ мемлекет, мемлекеттік қызмет тек жазалау әдістерімен айналыспай, өз қызметкерлерін қорғауға алуы керек және өзінің мемлекеттік қызметшілерінің мансабының жойылуына себепкер болмауы керек.

Өз жауапкершілігінің өлшемі ретінде айыппұл төлегендер, хаттамамен танысқандар да бар, бірақ біздің арамызда хаттамаларға қол қоймаған және өз-өздерін қорғау үшін сотқа жүгінген адамдар да бар. Бұл жерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері тарапынан «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның салдарын түсіндіру кезінде біздің құқықтарымыз бұзылған деп санаймыз.

Бұл тек Батыс Қазақстан облысындағы жағдай. «Жаңа Қазақстан» идеясы басшылыққа алынып жатқан кезде, кешегі Ұлытаудағы құрылтай жиынында Президентіміз: «Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті, оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Мемлекеттік қызметкерлерді орынсыз кінәлай беруді доғару керек» деп айтқан кезде мемлекеттің іргетасын, мемлекеттілігін қалыптастыратын мемлекеттік қызметшілерді кәтелігі үшін емес, ешқандай зияны жоқ әрекеті үшін (лауазымға тағайындалған қызметкерлердің ар-ожданы таза болып тұрса) жаза тағайындау кәтелік деп санаймыз.

Біз, мемлекеттік қызметте шамамен 20 жылдан астам уақыт қызмет еткен мемлекеттік қызметшілер – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тарапынан жасалған заңсыздықпен келіспейміз. БҚО бойынша осындай жағдаймен 30-ға жуық мемлекеттік қызметші жауапқа тартылуда. Сіздерден әділдік күтеміз.

Батыс
Қазақстан
облысының
мемлекеттік
қызметшілері



«АҚЫНДЫҚ КҮШ ТЕК ШЫНДЫҚПЕН ӨЛШЕНЕР»

Қазақстан Республикасының Еңбек Ері Мұхтар Шаханов Түркияның ең жоғарғы атақтарының бірінен үміткер болып отыр. Оны халық жазушысы, ақын М.Шаханов Ұлттық құндылықтар қауымдастығы Алматыда ұйымдастырған «Жігерлендіру» форумында айтты.

– *Өлең құрау – ақындықтың көп қырының бір қыры. Тек сол үшін оны ардақтау, жәнсіздеу һәм күлкілі. Дәуірі мен билігіне саналғанмен алымды, Ұлтын сатқан ақындар бар, бірақ жсыры дарынды... Ерлігі жоқ, елдігі жоқ, аузы ғана белсенер, Сөзден ісі алшақ жатса, оған қалай ел сенер? Неге бүгін ұлт мүддесі науқас жандай теңселер?..*

Мұндай шақта ақындық күш тек шындықпен өлшенер, – деген ұлт қайраткері осы уақытқа дейін 200 мемлекеттің сыйлығын алғанын айтты. Қазақстанда алған сыйлықтарын есептегенде оның нақты саны – 7737 болған еді. Бұл тек казактың емес, БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО) тарапынан күллі адамзаттың ақыны деп мойындалған М.Шахановқа әрбір ел өзінің ең жоғарғы деген 6-7 сыйлығын бергенін аңғартады.

Шындық кейде қалың арпа ішіндегі бір бидай, Неге әділдік күресінде жұрттың көбі «Тымпибай?» Рухсыздыққа кім шын мінез көрсетпесе қырғидай, Ондайлардың бүгінгі аты «Бірбікул» мен «Жырбибай!», – деп өзінің азаматтық ұстанымын өлеңмен өрнектеген Мұхтар Шаханов бүгінде асқаралы 80-нің шыңына көтерілді.



Мерейтой қарсаңында Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында ҚР Президенті қолынан Қазақстан Республикасының Еңбек Ері атағын алуы ұлт қайраткеріне көрсетілген құрметтің басы. Бүгінде Түркияда сапарлап жүрген ақынды бауырлас ел де өзінің ең жоғарғы атақтарының бірімен марапаттауды жоспарлап отыр.

Еңбек те, дарын да марапатпен өлшенбейді. Ең бастысы, казакты танытқан, казактың атын әлемге насихаттаған алып ақынның жүрегі ұзақ соғып, өлеңдері ұрпақты мәңгі тәрбиелесін!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Білмеген адамға судьяның жұмысы беделді, шексіз құрметке ие мамандық секілді көрінуі мүмкін. Алайда, сот қызметінің қазанында қайнап жүрген адам үшін бұл мамандықтың салмағы қаншалықты ауыр екені белгілі.

Жер бетіндегі сан мың мамандықтың өз қиындығы бар, соның ішінде жанның арашашысы дәрігер мен тағдырдың арашашысы судья қызметінің орны тіпті бөлек.

Шәкәрім атамыз дүниетаным мәселесінде адамды тек қана өз тағдырымының алдында жауаптымын демей,



Зарема ХАМИДУЛЛИНА,
Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

адамдар көп. Олардың Отаннан басқа, отбасылық міндеттері бар екенін ескерсек, мұндай жанкештілікке баратын қыздар қауымы ерекше құрметке лайық деп есептеймін. Мұндайда судьялық қызметтің биік шыңына шығып, әділет шырағын жағып жүрген майталман апаларымызды атап өтпеске болмайды. Бұл ретте Атырау облысы соттарында жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Тәтті Уәлиева, Мадина Байғарина, Гүлнар Қарабалина, Раиса Аққұлова, Гүлнар Хаженова, Жұлдыз Мадьярова, Айгүл Ташенова, Сандуғаш Сүлейменова, Гүлнар Нұржігітова, Сәуле Байменова секілді ардақты азаматшалардың ғұмыр-дариясына үлкен құрмет-қызығушылықпен қараймыз.

АҚИҚАТ АЛАҢЫНДАҒЫ АЙЫМДАР – БАҒДАРЫМЫЗ

барлық адамзат тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Оның бір ғана «ар ілімі» бүкіл адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымға лайық болуға үндейді. Судья болу үйреніп алатын мамандық емес, ол адалдыққа қанығып өсумен қатар өзінің күн сайын ар сотына салып, әр ісінді сараптай отырып даму, жетілу, адам тағдырына әділетті үкім айтуға өзінді тәрбиелеу.

Қазіргі қоғамда судьяның рөліне қатысты түрлі көзқарас бар. Бірі биліктің бұл тармағын сонау бағзы заманнан тамыр тартатын билер дәстүрінің жалғасы десе, енді бірі – тәуелсіздігіміздің басты тұғыры деп жатады.

Сындарлы сын мен шатпағы көп шағымдар да біздің сот жүйесінің бүгінгі келбетін айналып өтпейді. Бұл әдетте қалыпты құбылыс деп қабылданады. Себебі, соттың алдына келетін қос тараптың бірі жеңіске жетсе, екіншісі шыққан шешімге қанағаттана бермейді.

Қазіргі сот жүйесінің мақсаты – даудан ұтылғанды да сот шешіміне риза етуге негізделеді. Ебедейсіз естілгенімен мұның артында пайдасы зор

тағылым жатыр. Қазір соттар бір тарапты бір тараптың алдына жығып беруге емес, керісінше қос тарапты ортақ ымыраға келтіре отырып, қоғамдағы бірліктің артуына ықпал етеді.

Қазақ тарихында би болып дау шешу тек ер азаматтардың еншісінде болған кәсіп дейтіндер бар. Бірақ тарихқа үңілсеңіз, Ұлы дала төсіндегі еркіндікті аңсаған ата-бабаларымыздың тарихнамасында қаншама аналарымыз ел билігін қолына алып, халықтың тағдырын шешуге септігін тигізіп, тіптен бір ұлтты жоғалып кетуден сақтап қалып отырған игі істерінің талайына куә боласыз.

Сонау сәк дәуірінен бастау алатын аналардың данасы Ұмай анадан бастап, тұтастай бір мемлекетті билеген Томирис, Зарина патшайымдарымыз, Домалақ ана мен Зере әжелеріміз, есімі руға айналған Қызай ана, ақылдылығымен аңызға айналған Қарашаш, ел басына күн туғанда қолына найза-қалқан алып жауға шапқан Бопай ханшалар сөзіміздің нақ мысалы.

Сол сияқты қазіргі сот жүйесінде де ерен еңбегімен үлгі боп жүрген әйел

Осыдан 17 жыл бұрын сот табалдырығын жас маман болып аттағанда, осындай қазақтың қайсар қыздары өнегеме айналып, судья болуға деген жүрегімдегі батылдық шырағын жағуға бірден-бір себепші болып еді. 2016 жылы судья атанып, алғаш іс қарап қаты толқығаным кеше ғана сияқты. Бүгін ондаған тағдырларға әділетті үкім айту күнделікті іске айналды.

Әйтсе де бір ұққаным, адамдардың түрлі трагедиясына ешқашан үйреншікті көзқараспен қарауға болмайды. Әр адамның тағдыры әртүрлі.

Қазір әділ сот төрелігі үшін бар жағдай жасалған. Сот жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде соттардың жұмысы жаңа сапалы, биік деңгейге көтерілді. Неғұрлым кәсіби, ашық, қолжетімді, сапалы және тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты, еліміздің кез келген азаматы заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа нық сеніммен жүгінуіне болатынын түсінді.

Тәуелсіз сот жүйесі бұдан кейін де жаңа сапаға көтеріліп, әділетті, ашық жүйе есебінде дами береді.

нын тигізіп қана қоймайды, сонымен бірге бүкіл абырой-беделінен айырады. Сыбайлас жемқорлық тәсілінде жеңіске жетуші жоқ. Жемқорлық бүкіл адамзаттың адальдыққа, әділетке деген ұстанымы мен дүниетанымын өзгертпеді. Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту кең көлемде жүзеге асуда. Әрі үздіксіз жүргізіліп жатыр. Жас ұрпақ осындай ауқымды күрестердің нәтижесінде жемқорлықсыз қоғамда өмір сүреді деп үміттенеміз.

С.ЖАЗНАЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Көкпекті аудандық №2 ПҚ бастығы, әділет капитаны

ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызметшінің әдебі өте маңызды түсінік. Өйткені, мемлекеттік қызметшінің тәртібі мен өзі-өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым-қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан елімізде мемлекеттік қызметшінің әдеп нормалары жасалған. Мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуі тегіннен-тегін емес. Қоғамның айнасы саналатын мемлекеттік қызметшілер өз әрекетімен басқаларға да үлгі бола білуі керек.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлер әркез қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсете білуі тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы қоғамда оң пікірді қалыптастыруға тырысканы жөн. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей, бірлі жарым адамның өрескел әрекеті тұтас мемлекеттік қызметкерлерге күйе болып жағылмауы қажет. Және мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын да насихаттауы қажет.

Атап өтер жайт, Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлерді ең алдымен халықтың үнін естуге, көпшіліктің үніне құлақ асуға шақыруда. «Еститін Үкімет тұжырымдамасының» басты қағидасы осы. Яғни, мемлекеттік қызметкерсің бе, онда ең алдымен халық үніне құлақ ас деген қағидаға келіп тіреледі. Жақында ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бюрократиядан арылу жөніндегі Жарлыққа қол қоюы да тегіннен-тегін емес. Яғни, мемлекеттік қызметкердің басты міндеті халыққа адал қызмет ету болып табылады. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлердің өз кәсіби міндетіне адал болуы шарт.

Сонымен қатар, бүгінгі күні қоғамымызда әлеуметтік желілердің кең қолданыста екенін ескере отырып, мемлекеттік қызметшілерге әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшінің қарапайымдылық, сыпайы бейнесіне сай келмейтін өрескел суреттер орналастыруға тыйым салынады.

Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметшіге беделін түсіретін және қоғам тарапынан сын мен айыптау тудыратын жағдаяттардан қашық жүру қажет. Жол қозғалысы ережесін бұзу, алкогольді мас күйде автомобиль басқару, сондай-ақ, жол полициясы қызметкерлеріне бағынбау өрескел әдеп бұзушылық. Рас, қазір әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшілердің кейбір әрекеттерін телефонына түсіріп алып, айтарлықтай дау тудырып, қоғам назарын өзіне тез аударып жатады. Демек, халық мемлекеттік қызметшілерден әрқашан жауапкершілік күтеді, талап етеді. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлердің әдебі барлық уақытта маңызды.

Мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексіне сәйкес басшы және қола-



Серік НАКУЛЛОВ,
Алматы қаласы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары

стындағы қызметкер барлық тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. Азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау кезінде сыпайылық және әдептілік танытып, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары болуына атсалысуы керек. Жалпы, мемлекетке деген құрмет мемлекеттік қызметші арқылы қалыптасатынын әркез ұмытпағанымыз жөн.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексінің жаңа редакциясы қабылданды. Нақтырық айтсақ, кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» туралы тарау енгізілді. Бұл кодекс мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебін стандарттауға және өрескел мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі туралы 6 қағида негізделді. Атап айтқанда, адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану тараулары бар. Жалпы, жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып табылады. Уақыт сұранысына сай толықтырылып отырған заңнамалық еліміздегі мемлекеттік қызметкерлердің жүріс-тұрысына әрі қорған, әрі бағыт-бағдар болары сөзсіз.

ӘЙЕЛ ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары ҚР Конституциясында жазылған. Онда әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігі белгіленген. Гендер биологиялық айырмашылыққа ғана емес, қоғамның әлеуметтік ұйымына бағынышты ерлер мен әйелдер қызметінің теңдігін белгілейді. Гендерлік саясат әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет.

Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде Қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке – баласын тәрбиелейді, ана – ұлтты тәрбиелейді» деген макал бекер айтылмаған. Демократиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне ешқандай баға жетпейді, себебі балалардың туылуы ары қарай олардың тәрбиесі әйелдердің мойнында. Сонымен қатар, олар маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде. Жалпы, әйел заты қазақ қоғамы үшін, мемлекеті үшін қашанда ардақты.

З.АМАНКУЛОВА,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ӘЛЕМДІК ІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықтың көрінісі пара алу, не беру. Пара дегеніміз не?

Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге сыйлықтарды алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым паракордың

жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп есептелетін нәрселер – ақша, оның ішінде валюта, банк түбіртектері мен күнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге жылжымайтын мүлік тағы басқалар. Сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зия-

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала құрылысы қатынастарының тұрақты даму идеялары қазіргі уақытта әлемде ең жоғары сұранысқа ие перспективалы сала болып отыр. Іс жүзінде ол жаһандық әлеуметтік жағдайға қарсы тұру үшін жүзеге асырылатын адамзат алдында тұрған экономикалық және экологиялық қиындықтарды шешуге оң ықпалын тигізеді.

– *Қала құрылысын жобалауда және аумақтық жоспарлауда жобалық шешімдерді қабылдауда Гро Гарлем Брундтланд комиссиясының тұрақты даму принциптері ескеріле ме?*
–Тұрақты дамудың әдіснамасы мен құралдарына қандай да бір жолмен жүгінбейтін қоғамдық өмірдің бірде-бір саласы жоқ, өйткені олар уақыт өте келе өзекті болып қала береді. Гро Гарлем Брундтланд комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасының жарияланғанына 35 жыл өтті. Қазақстанда да қала құрылысын жобалауда және аумақтық жоспарлауда жобалық шешімдерді қабылдаудың негізгі критерийі ретінде тұрақты даму принциптеріне сілтеме жиі жасалады. Алайда қарапайым талдау жобалық



Алексей АБИЛОВ, Т.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институтының профессоры:

«СӘУЛЕТ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ»

құжаттарда олардың декларацияланатын қағидаттарға сәйкестік дәрежесін объективті бағалауға мүмкіндік беретін тұрақты даму индикаторлары (ТД) түріндегі құралдар жоқтығын көрсетеді. Мұны ең алдымен «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңда жобалаушыларды аумақтық жоспарлау мақсаттары үшін өңделген ТД индикаторларын пайдалану арқылы қала құрылысы құжаттамасында осы принциптерді қолдануға міндеттітін баптардың жоқтығымен түсіндіруге болады.

– *Бұл елдің тұрақты даму индикаторларында да қарастырылмаған ба?*
– Республикада экономика мен әлеуметтік саланың тұрақты дамуына арналған жеткілікті түрде ойластырылған бағдарламалар мен тұжырымдамалар, оның ішінде ТД индикаторлары әзірленген. Олардың жиынтығы қоршаған ортаны қорғауға, жаһандық экологиялық апаттың алдын алуға және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған идеялар мен құралдарды әлемдік қоғамдастыққа дүйекті түрде енгізетін БҰҰ мен басқа да ұйымдардың ұсынымдарына негізделеді. Алайда, олар басқа теориялық жазықтықта, қала құрылысы саласына айтарлықтай практикалық әсер етпейді. Бұған Ұлттық бағдарлама мысал бола алады. ТД тұжырымдамасын іске асыру теориясы мен практикасы арасындағы алшақтық Қазақстандағы қала құрылысы қатынастары саласына да елеулі дәрежеде әсер етті деп айту артық болмас. Бұған республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының

бірқатар мемлекеттік бағдарламаларында белгіленген өршіл мақсаттар мен міндеттерді іске асыруына кедергі келтіретін Қазақстандағы қалалар мен қалалық агломерацияларды аумақтық ұйымдастырудың, жоспарлаудың көптеген өткір проблемалары куә болып отыр.

– *Бұл проблемалардың пайда болуына не түрткі болып отыр?*
– Негізгі факторларының бірі – сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы заңнаманың жетілдірілмеуімен байланысты. Қазіргі уақытта менің де қатысуыммен ҚР Сәулетшілер одағының бастамасымен жоғарыда аталған заң баптарының басым бөлігін қайта қарау бойынша жұмыс басталды. Алайда, бұл Қазақстанның қала құрылысы саласы қазіргі уақытта көптеген салалар бойынша параметрлерді түбегейлі қайта жаңартуды қажет етеді деп сендіруге мәжбүрлейтін жалғыз себеп емес. Біріншіден, республиканың көптеген қалалары мен ірі ауылдарының жаңадан әзірленген немесе жаңартылған бас жоспарлары бар екеніне қарамастан, олардың барлығы да неғұрлым жоғары таксономиялық дәрежедегі аумақтарды дамыту жобаларымен байланыстырыла қойған жоқ. Яғни, бас жоспарларда қабылданған шешімдер, шын мәнінде қала шекараларына әзірленген Бас жоспардың нысандарын қамтитын аумақтарды дамытудың жалпы стратегиясынан шықты. Қазақстанның алғашқы онжылдығында тиісті нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз етудің жоқтығынан, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, қала құрылысы және басқа да фак-

торларды жан-жақты талдауды қажет ететін жобалардың ғылыми компонентін қамтамасыз ете алатын сәулет және қала құрылысы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу институттарының жоқтығынан аудандық жоспарлау және аймақтық қоныстандыру жобалары құрылмады. Аймақтық шарттардың ерекшелігі, климаттың планетарлық деңгейде өзгеруінің қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерін, геосаяси жағдайды, қаржы саласындағы дағдарыс құбылыстарының өсу үрдістерін есепке алуды қамтамасыз ете алар еді. Тарихтың кеңестік кезеңінде мемлекет қаржыландырған ірі жобалау институттарын жою да теріс рөл атқарды. КСРО ыдыраған кезде құрылған, аумақтық жоспарлауға мамандандырылған салыстырмалы түрде шағын жеке жобалау фирмаларында мұндай жобаларды жасай алатын білікті мамандардың толық құрамы болған жоқ. Соңғы уақытта ғана осы олқылықтың орнын толтыруға «тәуекел еткен» ғылыми-зерттеу институттары, ұйымдар пайда болды. Соның нәтижесінде, тәуелсіздік жылдары алғаш рет қала құрылысы бойынша жобалау жұмыстарының ең жоғары таксономиялық деңгейіне шығуға талпыныс жасалған «ҚР-да аумақтарды ұйымдастырудың бас схемасы» әзірленді. Алайда, бұл жобаны әзірлеудің қысқа мерзімі, көп адамның қатысуы, бірлескен орындаушылар, олардың күш-жігерін жеткілікті түрде үйлестірілмеуі, осы схеманың бірқатар ережелерін ғылыми негіздеудің шығындары оның құрылымдық

құндылығын едәуір төмендетіп жіберді.

– *Құрылыстың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі үшін қандай қадамдар жасалуы керек?*
– Билік құрылымдарының өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін Қазақстанда өсіп келе жатқан агломерациялардың әлеуетін пайдалануға және тіпті қала агломерацияларын ел ауқымындағы маңыздылығы бойынша ранжирлеуге деген ниетіне қарамастан, олардың бас жоспарларын жобалау күтілген нәтижелер әкелмеді. Мұның себебі, республиканың қалалық агломерацияларының дәрежесі олардың жетілуін ғылыми негіздеу арқылы емес, оларға іргелес елді мекендермен агломерациялардың болжамды ядроларының әкімшілік рөліне сүйене отырып анықталды. Мысалы, осылайша Астана агломерациясы бірінші дәрежеге жетті. Дегенмен, қарапайым есептеулер оны тек қалыптасып келе жатқан және дамудың ерте сатысында тұрған санатқа жатқызуға болатындығын көрсетеді. Нәтижесінде қысқа мерзімде жобаланған бірқатар агломерациялардың бас жоспарлары олардың нақты жай-күйі мен даму перспективаларының нақты көрінісін көрсетпеді. Өйт-

көтерілген мәселелер қалалар мен аумақтардың тұрақты дамуының барлық аспектілерін толық қамти алмайтыны сөзсіз.

– *Тұрақты дамудың 17 жаһандық мақсатының бірі – «Тұрақты қалалар мен қоғамдастықтар». Бұл қала құрылысы және аумақтық жоспарлаудың тікелей байланысты емес пе?*
– Өр ел мен аймақта бұл мақсатқа жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, өз жолдарымен қол жеткізіледі. Қазір әлемнің барлық ірі қалаларында қоғамдық кеңістікті ұйымдастыру және жасыл сәулет идеяларын ұтымды енгізуге назар аударылуда. Алайда бұл Алматыда жоқ. Мұнда бірнеше жыл бұрын идеялардың әсерінен және даниялық сәулетші Ян Гейл мен қоғам қайраткерінің қатысуымен қала орталығын кең ауқымды қайта құру жүзеге асырылды. Бұл жұмыстың нәтижелерін жалпы қала тұрғындары оң қабылдады, бірақ сыншылар да аз болмады. Олар автобустар мен троллейбустарға жолақтарды бөлу арқылы автокөліктерге арналған бірқатар көшелердің өткізу қабілетінің төмендейтінін, соның кесірінен «кептелістер» туындайтынын, жолдағы арал түріндегі қоғамдық көлік аялдамалар

қолайсыз екенін алға тартты. Алайда, кейбір қателіктерге қарамастан, осы бағыттағы қайта құру шараларының басты жетістігі бұрын қараусыз қалған аудандардағы ауаларды, сондай-ақ, қала арқылы ағып жатқан шағын өзендердің жағалауларын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс басталды. Жасыл сәулет идеяларын енгізуге қайта келетін болсақ, Алматыда «бақша қаласы» имиджіне қарамастан, бұл жерде үлкен жетістіктерге қол жеткізілген жоқ. Бұл мәселені шешуге күйеуі көзқарас керек. Шетелде танымал үлгілерге еліктеуден пайда жоқ. Қазақстандағы жасыл экономикаға көшудің қолданыстағы бағдарламалары мен тұжырымдамалары негізінен ұсынымдық сипатқа ие. Сәулетші, инженер, климатолог, дендролог, эколог мамандардың жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, жасыл сәулет технологиялары бойынша, сарқынды суларды рециклинг және т. б. ғылыми негізделген ұсынымдарын ескере отырып, нақты қала құрылысы жағдайында қалаларды салу сапасының нақтыланған жоқ. Осылайша, мұнда белгіленген проблемалардың тіпті шағын шеңбері де Қазақстандағы қала құрылысы қатынастары саласындағы еріктілік пен кәсібилікке тосқауыл қоятын және тұрақты даму қағидаттарын іс жүзінде іске асыру үшін, халықтың басым бөлігінің өмір сүру сапасының жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін жолды тазалайтын түбегейлі шаралар қажет екенін көрсетеді.

– *Сұхбатыңызға рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



«АНА ТІЛІН БІЛМЕУ – КҮЙІНІШ»

«**А**на тілін біліп тұрып, бөтенше **ж**ақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша **ж**ақсы сөйлесең, бұл – күйініш» – деп **Алаш ардақтысы Халел Досмұхамедов айтқандай, қазақтардың өз ана тілін білмеуі аса күйінішті, әрі аса қауіпті жағдай. Сондықтан, Конституциямен белгіленген барлығымызға ортақ тілді Қазақстанның кез келген азаматы, мәйлі ол, орыс, неміс, шешен, т.б. болсын білуге міндетті.**
Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарасты білдіреді, демек, қазақ тілінің тағдырына жанашырлық таныту біздің азаматтық парызымыз. Жалпы алғанда мемлекеттік тілді құрметтеу сезімі отбасынан басталуы керек. Бұлай етпейінше ісіміз де, сөзіміз де бекер болмақ.

Сот жүйесінде қазақ тілінің ресми және заңнамалық жағынан мәртебесін биіктетуде іс қағаздары толықтай мемлекеттік тілге көшірілген. Саладағы құжаттар мен кіріс-шығыс хаттары, т.б. актілер мемлекеттік тілде жүргізіліп, ресми тілде жазылғандарын аударма нұсқасы міндетті түрде талап етіледі. Судьялар мен сот қызметкерлеріне қойылар мұндай қатаң талаптар өз кезегінде сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу сапасын арттырды.
Қазіргі таңда Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов сот процестерін толықтай мемлекеттік тілде жүргізуге ден қою керектігіне баса назар аудартуда. Осылайша өзге де мемлекеттік органдар мен мекемелер мемлекеттік тілді қолдауды өз ішінен бастап, игі істерге мұрындық болса, айтып отырған тақырып мүлде қозғалмас та еді.
Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресми құжаттары алдымен орыс тілінде әзірленіп, одан кейін қазақ тіліне аударылатыны ашы шындық.

Соттарға келсек, істердің мемлекеттік тілде қаралуы соттарға емес, тікелей азаматтарға байланысты. Мысалы, сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі болғанымен, қажеттілік туындаса басқа тілдердің де қолданылатыны тиісті заңмен нақтыланған. Судья сот ісін жүргізу тілін талап қою арызы берілген тілге, яғни, азаматтар қалауына қарай сот ұйғарымымен белгілейді.
Сот тәжірибесінде куә болып жүргеніміздей, талап арызды адвокат немесе заңды өкіл ресми тілде жазып береді. Алайда, басқаларды былай қойғанда талапкердің өзі орыс тілін білмейтін жағдайлар кездеседі. Істі қарау сатысына дайындау барысында тараптарға жазбаша өтінішхат негізінде істі жүргізу тілін өзгертуге болатыны түсіндіріліп, бұл олқылық түзетілді.
Кей адамдарда орысша жазылған талап арыздың әділ әрі тиянақты қаралатыны туралы түсініктің нық қалыптасқанын да байқадық. Бұл тұрғыда айтарымыз, істің қаралу сапасын тілмен байланыстыру мүлде қате пікір. Арызшағымдар заң аясында қаралады. Соттар тарапынан алғашқы қадам жасалды, енді мемлекеттік тілді қолдауда қарапайым азаматтар белсенділік танытса, сот өндірісі де толықтай қазақ тіліне көшер еді.

Қазақ тілінің өз мәртебесіне лайықты орын алуы елдік тұрғыдағы іс болғандықтан, оның қолдану аясын кеңейтуде азаматтардан, әсіресе, лауазымды тұлғалардан шексіз жауапкершілік, соған сай, жүйелі жұмыстар талап етіледі. Қазақстандықтар мемлекеттік тілді дамытуды өзінің күнделікті тірлігімен етене дамыстырып, отбасында, жүрген ортасында тек қазақша сөйлесе ғана қазақ тілі өз биігіне шығады.
Ғұлама ғалым Конфуцийдің «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі, тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік те болмайды. Сондықтан, бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деуінің өзі тіл мәселесін қазақтың заңқпен қазақша сөйлесуі ғана шешетінін көрсетіп отыр. Ел басында отырғандардың дені қарақөздер екенін ескерсек, барлық мәселенің шешімі өзімізге тіреліп тұрғанына көз жеткіземіз.

Тұрсынәлі ТӨЛЕГЕНОВ,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Соттардағы барлық өзгерістердің басты мақсаты – халықтың сенімін арттыру және құқық үстемдігін қамтамасыз ету.

СОТ БИЛІГІ КӘСІБИ МАМАНДАРДАН ҚҰРАЛУЫ КЕРЕК



Сот төрелігін атқару барысында сот имиджін көтеру, халықпен тікелей әрі жылдам байланыс орнату, ашықтықты қамтамасыз ету секілді жауапты міндеттер бар. Әр адам, әр ұжым өз міндетін қызмет саласы бойынша алға қойылған тапсырмаларды талапқа сай уақытылы орындап отырса, жақсарудың, дамудың жолы сол болмақ. Осы мақсатта сот жүйесінде қазақстандық қоғамның сұранысына сай, жоғары кәсіби сот корпусын қалыптастыру, сот төрелігін атқару кезіндегі заңнамалық, құқықтық және материалдық жағдайларды қамтамасыз ету, сот қызметкерлерінің сапалы қызмет көрсетуі мен әдеп нормаларын сақтау мәселелеріне басымдық берілді.

Сот қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерімен Соттар әкімшісі айналысады. Бүгінде Соттар әкімшісінің тиімділігін жетілдіру және сот билігін қаржыландырудың жүйесі қайта қаралды. Сот персоналының кадрлық әлеуетін арттыру, соттарда штаттық құрылымды және әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру, соттардың инфрақұрылымын жақсарту, теңгерімделген көрсеткіштер жүйесін құру, қоғамның және басқа да қажеттіліктерге қарай соттарды қаржыландырудың оңтайлы үлгілерін анықтау мәселелері ретімен өз шешімін тауып келеді.

Бүгінде Қазақстанның пост-кеңестік республикалар арасында мемлекеттік қызметті реформалау бойынша көшбасшы екенін әлемдік деңгейдегі сарапшылар мойындады. Қазір осы саланың бір ізге түскен жаңашыл тұстарына өзге елдер тәжірибесінде қолдану үшін қызығушылық танытып отыр. Әсіресе, мемлекеттік қызметшіге жүктелетін жауапкершілікті бірден емес, жылдан жылға еселей арттыру, сандық технологияның қолдану ауқымын біртіндеп кеңейту жұмыстарының өзі бір тәжірибе.

Мемлекеттік қызметті тиімді ұйымдастыруда қолданылатын бұдан басқа тетіктер де аз емес. Соның бірі – меритократия қағидаты, ол лайықты кадрларды іріктеуге мүмкіндік береді. Бұл мамандардың лауазымын өсіру, мансабын белгілеу үшін жеке қызметтерін бағалау негізінде кәсіби деңгейлерін анықтау туралы талап. Меритократия принципі мынада: Соттар әкімшісіне мамандарды қызметке қабылдайтын конкурстық іріктеу кезінде, яғни ішкі және жалпы конкурста жариялылық пен ашықтық барынша қамтамасыз етіліп, оған тәуелсіз бақылаушылар, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері ұдайы қатысады. Конкурс барысында дыбыс-бейне-бақылау қосылады. Әр қызметкердің еңбегі арнайы комиссия арқылы бағаланып, сараланып отырады.

Өрине нақты мақсат болған жерде жұмыс та жемісті болары анық. Азаматтардың талап-тілегімен жұмыс

істейтін сот билігі кәсіби мамандардан құралуы керек. Ал нарық заманы кәсіби маманды материалдық-әлеуметтік жағдайы жақсы жерде қызмет етуге мәжбүрлейді. Оқу орнын бітіріп, дипломын алып сотқа келген жас мамандар жұмыс жауапкершілігінің ауқымы мен айлық жалақының сәйкес келмеуінен тауы шағылып, жекеменшік мекемелерге не басқа қызмет орындарына кетіп жататын еді. Биылдан бастап сот қызметкерлерінің жалақысын көтеру арқылы, мемлекеттік қызметке ынталандыру және соттар әкімшісінде кадр тапшылығын болдырмау жайы өз

шешімін тапты.

Десе де, білікті кадрларды ұстап қалатын механизм тек жоғары жалақы емес. Ұжымдағы климаттық жағдай, қызметте сатылай өсу мүмкіндігі, адамгершілік тұрғыдан қолдау білдіру де қызмет барысында аса маңызды.

Әр заңгер маман сот ғимараттарында үлкен кәсіби мектептен өтеді. Оның нақты көзқарасы қалыптасып, болашағы айқындалады. Осы қызметті атқара жүріп, судья болу-болмау туралы нақты шешім қабылдайды. Сот қызметкерлері әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалады, оларға Судьялар одағының мүшесі ретінде қолдау жасалады. Сонымен қатар, біліктілігі мен қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, қызметі бойынша жоғарылатуға ие болуы мүмкін.

Сот қызметкерлері ұйымдастырушылық, ақпараттық және құжаттаманы қолдау, процессуалдық қызметпен қамту бойынша қызмет етеді. Сондай-ақ, соттың беделіне нұқсан келтіретін жанжалдарға, әрекеттеге жол бермеу қатаң ескертіледі. Ақпарат пен техниканың дамыған кезеңінде мемлекеттік қызметкерлердің қоғамдық орында өзін-өзі ұстауы әлеуметтік желілер арқылы да көрініс табады. Бұл тұрғыда мемлекеттік қызметкердің әлеуметтік желілердегі аккаунттарын да бейәдеп қылықтар мен қарым-қатынастарға жол бермеу қажеттігі де назардан тыс қалған емес.

Мамандар өзінің қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, еңбек және атқару тәртібінің қағидасын бұзғаны, сондай-ақ, құқыққа қайшы өзге де іс-әрекеттерді жасағаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сондықтан білікті кадрларды жан-жақты қалыптастырып, тәрбиелей отырып, мемлекеттік стратегияларды да, керемет жоспарларды да, тың бастамалар мен адал еңбекті де іске асыру анағұрлым жеңіл болмақ. Білікті кадрларды қалыптастыру да мемлекеттік қызметтің бір жобасы. Бүгінгі әрбір жоба сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот қызметін жақсартуға, беделін көтеруге бағытталған.

Дәл осындай жобалардың бірі ретінде биылдан бастап елімізде 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің төл мерекесі ретінде белгіленді. Бұл сот қызметкерлерінің алға ұмтылысына, ерік-жігерін арттыруға, кәсібін бағалап, ынталандыруға үлкен мүмкіндік.

Ендеше барша судьялар қауымын, ардагерлерді, әріптестерімді алғашқы кәсіби мерекемізбен құттықтаймын! Білікті, білімді кадрлар корпусы нығайып, бәсекеге қабілетті, Отанына адал азаматтар қалыптаса берсін! Зор денсаулық пен күш қуат тілеймін!

Аманбек КА.ПАКОВ,
Маңғыстау облысы бойынша
Соттар әкімшісі басшысы

ТАЛАП ҚОЮДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ РЕТІ

ҚР Әкімшілік-рәсімдік процестік кодексінің 139-бабында талап қоюды қамтамасыз ету негіздері, шаралары, оларды ауыстыру және күшін жою, талап қоюды қамтамасыз ету тәртібі ҚР Азаматтық процестік кодексінің қағидаларында айқындалады деп көрсетілген.

Талап қоюды қамтамасыз ету – іске қатысушы адамдардың арызы бойынша сот шешімін орындауға кепілдік беру мақсатында заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асатын соттың іс әрекеті.

Егер сот шешімін орындауды қиындатса; одан бөлек сот шешімінің орындалуын мүмкін етпесе; іске қатысатын адамдар талап қоюды қамтамасыз ету туралы жазбаша нысандағы арызды сотқа ұсынады.

ӘРІПК-нің талаптарына сай талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Осы бес күндік мерзім өткен соң арыз келіп түскен кезде арызды судья келесі жұмыс күнінен кешіктірмей шешеді.

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және іске қатысатын басқа адамдарға хабарламастан шешеді. Бұл сот (судья) талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым шығарады.

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы

ұйғарым сот шешімдерін орындау үшін ҚР АПК-нің 158-бабымен белгіленген тәртіпте дереу орындалады.

Талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар:

1) жауапкерге тиесілі және оның өзіндегі немесе басқа да тұлғалардағы мүлікке тыйым салу, кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен болуы мүмкін;

2) жауапкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу;

3) басқа тұлғалардың орындау мерзімі жеткен міндеттемелер бойынша мүлікті жауапкерге беруіне немесе заңда, шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жауапкерге қатысты орындауына тыйым салу;

4) мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қою берілген жағдайда мүлікті өткізуді тоқтата тұру;

5) мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының дауаланып отырған құқықтық актісінің қолданысын тоқтата тұру;

6) борышкер сот тәртібімен даулайтын атқарушылық құжат бойынша өндіріп алуды тоқтата тұру;

7) кепіл нысанын соттан тыс сату жөніндегі сауда-саттықтарды тоқтата тұру;

8) дауаланып отырған актілерді және сот орындаушысының өндіріп алуды мүлікке айналдыруға байланысты атқарушылық іс жүргізуде жасайтын әрекеттерін тоқтата тұру болуы мүмкін.

Қажетті жағдайларда сот осы кодекстің 155-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарға сай келетін, талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шараларды қабылдауы мүмкін. Осы бапта көрсетілген тыйым салулар бұзылған кезде кінәлі адамдар заңда көрсетілген ретпен жауапты болады. Бұдан басқа, талап қоюшы талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымды орындамаудан келтірілген залалдарды осы адамдардан сот тәртібімен өндіруді талап етуге құқылы.

Талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талап қоюшының мәлімдеген талабына сай болуға және үшінші тұлғалардың жария мүдделері мен өзге де мүдделерін бұзбауға тиіс.

Мадияр ТАШЕВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

4 КҮНДЕ – 321 ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ



Облыс аумағында өтіп жатқан «Заңсыз келуші» жөдел-профилактикалық іс-шарасы нәтижесінде 4 күнде 321 құқық бұзушылық анықталды.

Оның ішінде көші-қон заңнамасын бұзған 243 шетелдік, сонымен қатар,

шетелдіктерді қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалар көші-қон заңна-

масын бұзған және Қазақстанның еңбек қызметін заңсыз жүзеге асырған 78 шетелдік азаматқа әкімшілік шара қолданылды.

Іс-шара кезінде Өзбекстан Республикасының 17 азаматы елімізден аластатылды.

«Облыс тұрғындары шет мемлекеттерден жұмыс жасауға келген шетел азаматтарын заңда көрсетілген мерзімде құжаттарын жергілікті халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы заңдастырып, жұмысқа рұқсат алып, ҚР Халықтың көші-қон заңнамасын бұзбай, жұмыс жасатқаны абзал.

Егер де заң талаптарын орындамай өрескел бұзған жағдайда, ел заңдарының талаптарына сәйкес шара көрілетін болады», – деді Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы Бектөре Сұлтан.

Қызылорда облысы
Полиция департаментінің
баспасөз қызметі

Бүгін Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің ЗК-169/5 мекемесінде кәсіптік-техникалық колледжін бітірушілерге диплом беру рәсімі өтіп, 37 сотталған С.Ысханов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжін бітіргендігі туралы диплом алды.



ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР МАМАНДЫҚ ИЕСІ АТАНДЫ

Диплом алған 37 сотталғанның 18-і «Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері», 19 сотталғанға «Құрылыс әрлеу жұмыстарының шебері» біліктіліктері берілді.

Мерекелік шараға С.Ысханов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің мұғалімдері қатысып, алған дипломдарын игі кәдеге жаратуларына тілектерін білдіріп, білімділігімен көзге түскен бірнеше сотталғанды марапаттады. Және де сотталғандарға білім беруге жан-жақты көмек көрсеткені үшін мекеме басшылығына алғысын білдірді.

«Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері» мамандығы бойынша білім алған Алматы атты азамат ҚР ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағымен кінәлі деп танылып 6 жылға сотталған. «Өзімнің жасаған іс-әрекетіме өкінемін.

Ата-анамды тыңдамай бұзақы боп өстім. «Білім алудың ерте-кеші жоқ екендігін түсініп, білім алуға өтініш беріп, міне бүгін 47 жасымда диплом алдым. Босап шыққан соң қоғамға өз пайдамды тигізетін боламын», – деді.

Мекеме бастығының орынбасары Б.Наурызбаевтың айтуынша түзеу мекемесіне жазасын өтеуге жіберілген әрбір сотталғанның жаза мерзімі аяқталғанша олармен тәрбиелік жұмыстар жүргізілуімен қатар, кәсіптік білім алуына да мүмкіндік беріледі. Мекемеде кәсіптік-техникалық колледждің филиалы ашылғанына 8 жыл ішінде 300-ден астам сотталған әр түрлі мамандық иесі атанған.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД департаменті



ИГІ ІС

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Жуырда Ақсу ауданының орталығы – Ілияс Жансүгіров ауылында тарих пен тұлғаға құрмет көрсетілген үлкен шара болды. Белгілі меценат, Алматы облысының Құрметті азаматы Молдияр Нұрбаевтың демеушілігімен осы өңірден шыққан қос батырға ескерткіш қойылды. Бұл Жетісу облысы Алматы облысынан бөлініп шыққаннан кейінгі алғашқы торқалы той деуге болады.

Ұлы Отан соғысына қатысқан ақсулық қос арыс – Кеңес Одағының Батыры Есмұрат Сықымов пен ҚР ҰҒА академигі, көрнекті ғалым Жүрімбек Сыдықовтың 100 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде өтті. Нұрбаевтар әулетінің қаржысымен қос батырға ескерткіш орнатылып, сал-

танатты түрде лентасы қиылды. Шара Қобызшы Молықбай атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Ерліктің қос шырағы» тақырыбында ғылыми-танымдық конференцияға ұласты. Нұрбаевтар жанұясы Түркиядан белгілі жас ғалым Елдос Токтарбайды, Алматыдағы Қ. Сәтбаев



атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің жетекші ғалымдарын арнайы шақыртып, қос батыр туралы баяндама жасатты.

Есмұрат Сықымов (1922–1943) майдан даласында 21 жасында ерлікпен қаза тапқан боздақ. Оның киян-кескі ұрыста көзсіз ерлікке барып, екі сағат

жалғыз өзі шабуылға тойтарыс беріп, ерлікпен қаза тапқанын тарихшылар жиі айтады. Ал Жүрімбек Сыдықов (1922–2018) болса, соғыстан мүгедек болып оралып, ғылым саласында үлкен жетістікке жеткен тұлға. Сондықтан қос батырға арналып ас беріліп, ат шаптырылып, қазақ күресінен рес-



КЕСЕЛ

КҮРЕС КҮШЕЙСЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЙЫЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік негіздеріне елеулі қатер төндіреді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 8 ақпанда ҚР 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын бекітті.

Осы құжатта мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жаңа мақсат-міндеттері белгіленген. Бағдарламалық құжатқа сәйкес, Қазақстан бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру да қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуді көздейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттарына мыналар жатады: баршаның заң алдындағы теңдігі мен әділдігі; жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру; жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану; мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы; сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдау және басқасы.

Сондықтан қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша тәрбие-ағарту жұмыстарына үлкен мән беріледі.

Ол үшін азаматтық қоғам институттарының мемлекетпен конструктивті өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру қажет.

Азаматтық қоғам институттарын нығайту және дамыту, азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру, қоғамда өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы қажетті білімді тарату, осы білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Әрбір азаматтың сыбайлас жемқорлық көріністерін өзінің азаматтық құқықтарын бұзу ретінде қабылдауы және өз құқықтарын қорғауға қабілетті болғаны абзал. Біздің мемлекеттің азаматтары осы тұжырымдаманы іске асыруға белсене қатысуға тиіс. Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың дамуына жағдай жасалмауы үшін әрбір азамат барлық шараға атсалысуы қажет.

Ақмола облысы Әділет департаментінің
әкімшілік-құқық бөлімі

Сыбайлас жемқорлықпен күресу елімізде бүгінгі күнгі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Ұлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын індет саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерді алаңдатады.

ПАРАҚОРЛЫҚ АЛЫСҚА АПАРМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қа-

лыптасуы үшін оны елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

ҚР әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні мәлім. Жалпы, кез келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағы мен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жету, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайластықпен күресті күшейту әрқайсысымыздың

публикалық турнир өткізілді. Шара соңында қазақ эстрада жұлдыздарының концерті болды. Жеке кәсіпкер бұл шара туралы: «Екі батыр да құрметке лайықты еді. Мен бұл ретте осы ескерткішті қою кезінде ұсыныс айтқан Берікбол Қасымовқа, ескерткіштің тұғұртасын орнатуға көмектескен Сабыр деген кәсіпкер бауырыма және күрестің бірінші жұлдесіне ат тігіп, құдайы асқа тағы бір атын сойып оң жағымнан шығысқан Мүсеке Әмірұлы досыма дұғай-дұғай алғысымды білдіремін. Тұлғаларымызды дәріптеу арқылы кейінгі жас ұрпаққа тарихқа құрметпен қарауды насихаттауды мақсат еттім. Осы екі ескерткіштің авторы, белгілі мүсінші, ҚР Мәдениет қайраткері Қазбек Дулатовқа айрықша алғысымды білдіріп, шығармашылық табыс тілеймін» дейді.

Қ.ЕРМЕКОВА

азаматтық борышымыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Жемқорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңға сәйкес, күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайластықтың тигізер зияны туралы білімін қамтиды. Ол жеке тұлғаның жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – белсенді азаматтық позиция.

Ж.ҚАРАШАЕВ,
Мұғалжар аудандық соты
кеснесінің жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Кентау қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі» (БСН 991140000076) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы №344 Қаулысына сәйкес таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, 160400, Кентау қаласы, Ататүрік көшесі, №52 үй.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Леңгір қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі» (БСН 991040000264) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы №344 Қаулысына сәйкес таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, 161100, Төле би ауданы, Леңгір қаласы, К.Ешенқұлұлы көшесі, №55 үй.

6. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазталов аудандық аумақтық инспекциясы» ММ, БСН 991140001177, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Қазталов ауданы, Қазталов ауылдық округі, Қазталов ауылы, Ветстанция көшесі, 1 құрылыс.

7. «EKIBASTUZ ENERGY» ММ, БСН 211040003535, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Павлодарская көшесі, 10 ғимарат. Тел.: 87085471477.

8. Маңғыстау облысы бойынша «АҚ-БАРС ГРУПП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өкілдігі (БСН 190242016962) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет ауылы, квартал 1,3. Тел.: +77017432709.

ӨРТҮРЛІ

2. «Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ (БСН 041240000819) Павлодар қаласы әкімдігінің 27.04.2022 ж. №65/2 қаулысының негізінде Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Коммунасервис» КМБ-ның (БСН 000240002637) өзіне «Ертіс бейнесі» МКК-нің (БСН 080840009742) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25, 516.

3. Павлодар қалалық соты Павлодар қаласы, Естай көшесі, 134 үй, 148 пәтер мекенжайында тұратын Ганьшин Максим Владимировичтің Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың ауылының тұмауы, 11.12.1960 ж.т., аз. Ганьшин Владимир Анатольевичті қайтыс болды деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Соған байланысты ол туралы хабары бар адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 айлық мерзімде Павлодар қаласы, Генерал Дюсенов көшесі, 80, тел.: 8(7182)661367, 87011658140 мекенжайы бойынша Павлодар қалалық сотына хабарласуын сұрайды.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ant@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шапшапары. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058442293.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен №52 санда)

Бәйбішесі баптаған күрең шәйға қанып ішіп, Сәулет әдеттегідей жұмысқа жиналды. Іштей іс-тәжірибесіне сүйеніп жоспар құрғаны бар. Ал, қашанда ұрының арты қуыс, оның адымын аштырмауға ширақ қимыл қажет. Неден бастап, неден аяқтаудың формуласы қылан беріп тұрған секілді.

Кешегі теміржолға тағы барды. Қасында екі әріптесі бар, бірі – жаңадан қызметке келген жас жігіт, екіншісі–тісқаққан көнігі маман. Дегенмен, жас жігіт Сәулетке ұнайды. Әлі қулық-сұмдықтан ада азамат. Не етесе де, барынша ықыласпен кіріседі. Ал, көнігі маманның өкілілігі бар, жұмсаған жерге жартылай қатысады.

Сәулет теміржолдың екі бағытына екеуін жұмсады. Шамамен бір жарым шақырымға дейінгі аралықтан аяқ ізін анықтау жүктелді. Ішкі түйсік әлдебір жағдайды сезінетін сияқты.

Рация қосулы. Хабар күтіп, тағатсызданып Сәулет қалды. Төңіректі шолып, тыным таппай, тықыршып тұр. Кенет, иә, кенет жас полицей Берік байланысқа шығып, байғазы сұраған баладай қуанып: «Жолдас капитан, теміржол рельсінен аттаған із шықты, дереу жетіңіз!».

Сәулеттің көздері оттай жанып кетті. Аяғын ширақ басып, діттеген орынға да жетті. Шынында, тайға таңба басқандай із сайрап жатыр. Әккі ұры теміржол желісінде етігін ауыстырып, үйге қарай таза киіммен кеткен. Сол із шеткі үйге апарды. Есікті қағып еді, ешкімнің дыбысы шықпады. Олар ішке енді. Дастарқан жаюлы, шәйдің ыстығы басыла қоймаған. Демек, үйден ұзамаған.

Айналасы жарты сағаттың жобасында зінгіттей жігіт бас сұқты. Баласын балабақшаға апарып келген беті екен. Тұр-тұлғасына қарап, «мынау ұры» деуге қимайсың.

Иә, мынау түсінде көрген жігіт. Бойшаң десе бойшаң, ап-арық. Спортшыға ұқсайтыны келіңкірейді. Тек беті бұлдырап дұрыс байқалмаған еді, сонысы ғана өң мен түстің арасын алшақтатып тұр. Сәулет іштей «Е бәлем, қолға түстің бе? Ешкімге ұстатпаймын деген шығарсың. Бәрі бекер, ұры ақыры торға түседі. Сен де сондайсың» деп бетіне бажайлап қарады. Өзі де бірдеңе сезген шығар, артық қозғалыс жасамай дастарқан басына жайғасты.

– Бауырым, таныса отырайық, менің есімім – Сәулет. Қасымдағы серігім – Берік.

– Нұрбол.
– Сені іздеп жүргенімді сезген боларсың, енді бізбен бірге РОВД-ға баруына тура келеді.

Ол үндеген жоқ. Қолын созып, кісен салдыруға икемденді. Сөйтті де, жетектегі баладай ілесіп жүре берді. Оңі өрттей, әлденеден секем алғандай қипақтап келеді. «Мың асқанға – бір тосқан» екенін енді сезгендей ме, атаманның ақыры таяғанын да түсініп тұр.

Камераға кіргенде бірден сылқ түсті. Бұрын тергеу камерасында отырмаған, бірінші түсіп тұрғаны көзінен көрініп тұр, тап-тар тас қапасақ жалғыз қамаған соң көздері жыпылықтап кетті.

Сәулет – психолог, адамды көзден таниды. Ол Сәулеттен алдымен бір дана темекі сұрады. Асықпай тартып алды. Тартқанда да құшырланып емес, қайғы жұтқан кісіше қалың ойға қамалып отырды. Неден бастап, неден аяқтарын білмей, дал күйдегі пенде секілденіп, абыржып та қояды.

– Ал, Нұрбол, енді бүкпесіз айтуға тиістісің. Заң талабы солай. Алдаймын деп өзіне өзін ор қазып жүрме?
– Түсінікті.
– Бұл іске қашаннан әуессің?
– Үш жыл болды.
– Оған не түрткі болды?
– Жокшылық.
– Ұрлыққа түсетін үйді кім көрсетіп отырды?

– Ешкім, өзім шешемін.
– Байқауымша, кілең дәулетті кісілерді таңдағаның...
– Иә, олар мемлекетті жеген мешкейлер.
– Ім-м. Тіпті, кейбіреуіне екі-үш реттен ұрлыққа түскенінді білемін.
– Енді.. енді жағдай солай болды. Ақшасы болған соң амалсыз қайталан-ды.

– Былай қарасам, үйлі-баранды адамсың. Бала-шағаң өсіп келеді. Келіншегің базарда сауда жасайды. Өзіңнің жұмыс істеуге құлқын жоқ. Отбасын асырау үшін күн-түн демей жұмыс жасауың керек еді ғой...

– Жолдас капитан, ондай моральды анау мес қарындарға айтыңыз. Солар бір жалақымен күнелтіп отыр ма?

– Сенің біреуде жұмысың болмасын, әркім өзіне жауап береді. Адамды алдағанмен, Алланың алдында бәрі бірдей. Ол күнәһар ма, әлде жемқор ма, тиісті жазасын алады.

– Так, ұрлықты кімнен бастадың?
– Бағдәулеттен. Кәдімгі кәсіпкер ше?

– Иә, танымын. Естуімше, сексен келі тартатын сейфті тонағансың. Оны бірезің үйден қалай көтеріп шықтың?
– Оның ешқандай қиындығы жоқ. Мен спортпен айналысқанмын, ондай салмақ маған түк емес.

Шынында бұлшық еті ойнақшып тұр. Қолы қайратты.
– Енді сейф қайда?
– Өжетханаға тастадым. Тек ішінен ақшаны ғана алғанмын. Құжаттарға тигенім жоқ.

Өжетханадан айғақ зат табылды, сырты кленкаммен оралған. Ешбір құжат зақымданбаған. Қанша ұры болса да ұяты бар екен.

– Байқауымша, есік алдында адамды жұлып жейтіндей төбет ұстайтындар бар. Одан қалай сескенбедің?

– Жолдас капитан, ит – сезімтал аң. Адамның қорқып тұрғанын сезіп қояды. Сосын бас салады.

Сәулеттің сауалы біраз уақытқа созылды. Күдіктінің жауабына аға уәкілдің танданысы көп. Адамның жандүниесі ашылмаған арал, шешілмеген жұмбақ қой. Бірақ жасаған ұрлығына қарап, қайран қаласын. Біріншіден, үйде кісі бар кезде ғана ұрлыққа түседі. Екіншіден, қай үйде ақша барын, ол қай жерде жасырулы тұрғанын сезеді. Үшіншіден, қай заттың қайда тұрғанын мүлт кетпей тура айтты есте сақтау қабілеті мықты екен. Оны ұрлыққа түскен үйлерді аралау барысында байқатты. Өзі айтқандай, тайыншадай төбеттер тіпті, үруге шамасы келмеді. Бір бұрышқа басын тығып, үнсіз жатты. Ол ақша танығыш қасиетін де жасырмады.

– Мен кешкілік ақшаны бетіме жайып, иіскеп жатамын. Сол иіс мұрынға әбден сіңген соң бай-шоңжардың баспанасына жетелейді. Және бұрын мүлдем таныс емес үйге еркін кіріп, үйқыдағы адамдардың үстінен аттап өтіп, діттеген жерден дәмелі затымды алып шығамын, – деді.

– Есіктің құлыбын бұзбай ашатын қандай құрал пайдаландың? – деді Сәулет келесі сұрағанда.


– Оның ешқандай қиындығы жоқ. Құлыпқа сәйкес келетін кілт жетіп жатыр. Оған темекі тұқылын пайдаландым. Тұқыл құлыптың кертік-бүрттік ішкі тістеріне қадалып қалып, жылтыр шарикті жылжытып, пружинаны сығымдайды, ары қарай оңай ашыла қояды.

– Жарайды, солай-ақ болсын, қазір эксперимент жасаймыз. Камераның тас-түйін есігін аш. Менің көзімді жеткізген соң саған сенейін.

– Ол үшін ескі-құсқы кілттер мен темекі берсеңіз...

Алла сақтасын, өз кілтімен әрең ашылатын құлыптың сарт етіп ілмегі босанып кетті. Мынауың нағыз «медвежатник» болды ғой.

Не десеңіз, о деңіз, Нұрбол көнігі ұрыға жатпайды. Кәсіп қылып соңына түскен де емес. Тек қалтасы қағылып, қаражатсыз қалғанда амалсыздан бара-



ды. Өзі де кімнің үйіне ұрлыққа түсуді біледі. Белі ауырып, бақайы сыздап, қара бейнеттен маңдайынан тері сорғалаған сорлыға жуымайды, оларға жанашыр көңілмен қарайды. Олай дейтінім, ұрлық жасаған соң ақшасын онды-солды жұмсамай, алдымен көшеде үйсіз жүрген пақырларды жарылқайды. Мешітке барып, садақасын салады. Әйтеуір қаражаттан қиналып, кірер есік, барар тауы таусылған пендеге қол ұшын беруге құмар. Бұған не дейсіз? Міне, осындай ұры...

Ел болған соң есер де бар, елгезек те бар, еңбекке епті де, епсіз де бар. Сонда Нұрбол қайсысына жатады? Мүмкін епті шығар... Әлде есер ме? Нұрболдың әйелімен де сөйлесуге тура келді. Есімі Дана екен. Сұлу, сүйкімді келіншек. Жасы отыздың о жақ, бұ жағы. Базарда жалға алған бутигі бар. Сауда-саттықпен айналысады. Күнделікті ішіп-жемін ақтайтын көрінеді.

Дана алғашқыда сөйлесуден ат-тонын ала қашты. Нұрболдың не іспен айналысатынынан бейхабар болып шықты. Дегенмен дымы ішінде. Қасында жатқан байын білмейтіні өтірік. Үйге қомақты қаржы кіргенін әйелдің білмей қалуы мүмкін емес. Қанша жалтарса да қайда барады? Адам сырын айтам деп шынын айтады ғой, ол іштегі құпиясын ақтарып салды.

– Нұрбол, нағыз спортшы. Ерінбейді, көп еңбектенеді. Өттен оған жақсы жаттықтырушы табылмады. Сонан кейін спорт екінші кезекке ысырылып қалды. Ол шыққан отбасы үлкен шаңырақ. Бауырлары бар, бірақ тығыз қарым-қатынаста дей алмаймын. Енеміз еншімізді бергенде, бір көрпе, екі жастық, текемет қосты. «Енді алақандарыңды жая бермей, өз күндеріңді өздерің көріңдер» деді. Содан бастап Нұрболдың мінезі өзгерді. Ел қатарлы өмір сүргісі келді ме, баспана салуға әрекеттенді. Ауы мен бауы құралмады. Шаршады. Ертелі-кеш жастыққа қисайып, ойлана беретін болды. Кей кездері жоғалып кетіп, екі-үш күн өтіп оралады. «Қайдан келдің?» десем, жауап қатпайды. Әйтеуір ақша әкеледі. Қайдан білейін, бір жерге барып, жұмыс істеп келген екен деймін де қоямын. Қай әйел ақшаны жек көреді, іштей тағы әкелсе деп тұратын болдым. Кейде күткендегіден көп мөлшерде әкеледі. Қуанып

қаламын. Аздап алтын бұйым алдым. Бүтигімнің заттарын арттыра бастадым.

– Сонда ұрлық жасап жүргенін қалай сезбедіңіз?

– Кейінгі кезде ол ұзақ уақытқа кетіп қалатын болды, – деді Дана шындықтың шымылдығын ашқысы келіп. – Мен де бір үйдің жалғыз қызы едім. Күйеуім туралы шешем айта бастаса мен жүре тыңдадым. Сөйте тұра оның кеңесіне көнбей, Нұрболды сүттен ақ, судан таза етіп, ақтап жүрдім. Бір артықшылығы, маған дауыс көтерген емес, айтқанымды сол заматта орындайды. Таңертең жұмысқа кеткенде, қызымды садикке апарды, алып қайтады. Ұлдың сабағын қадағалап, мектепке дайындап жібереді. Кешке үйге келгенде тамақ дайын, үй таза болады. Мұндай еркекті жер бетінен тауып көр.

– Сонымен Нұрболдың ұры екенін білдіңіз...

– Білдім. Қалтасында бума-бума ақша жүретін болды. Қалаға қатынағыш, қасына достарын ертіп, тойлататын әдеті көбейді. Артынан аңдуға көштім. Кафеде отырған жерінен үстінен түстім. «Пора-пора ақшаны қайдан алдың?» дедім. «Досым берді» деді. «Осының ісі шикі» деп соңынан ұстап алдым. Бірақ полицияға айтуға дәтім бармады. Өз күйеуімді өзім қалай ұстап берейін. Содан үнсіз қала бердім.

– Дұрыс, Дана.
– Енді Нұрбол сотталады. Жазаны жасаған қылмысына қарай тағайындайды.

Дананың түрі өзгеріп кетті.
– Біз қалай өмір сүреміз?
– Елдің ішіндесіз, аш қалмассыз.
– Соңғы сұрағым бар: «Нұрболмен кездестіресіз бе?»
– Жарайды. Тек ертең.
Дана үйіне кетті.

Ертесіне әйелі Нұрболмен кездесті. Камера толықтай бақылауға алынды. Алда-жалда араларында қылмысқа қатысты мәселе қозғалса, бейнежазу қалт жібермейді. Дана егіліп, көз жасына ерік берді. Байқаймын, Нұрболды сүйеді. Қылмыскерге қимайды.

– Жаным, енді біз қалай өмір сүреміз?
– Сауданды жасай бер, аштан өлмессіндер.
– Бізге қалдырған қаражатың жоқ па?

– Бәрі бітті. Сосын сотқа келмей-ақ қой. Босқа көңілің босайды.
– Нұрбол, бірдеңе деші...
– Шатырда сөмке бар. Соның ішіндегі бірнеше өтімді деген заттарды сатып жібер. Енді үйге қайт!

Нұрболдың нысанаға алған нүктесіне Данадан бұрын Сәулет жетті. Шынында, бір сөмке зат. Дүрбі де бар, сағат, пышақ, қысқасы сөреге шығармай-ақ саудасы келіп тұрған дүние. Әлгі айғақ заттардың енді егесін білетін боламыз.

– Нұрбол, мына дүрбі кімдікі?
– Спандиярдың үйінен алдым.
– Ол үйден тағы басқа қандай зат қолды қылдың?
– Алтын сағат.
– Мынау екен ғой. Ендеше Спандиярмен бетпе-бет кездесеміз. Оқиға қалай жасалды, соны барынша айтып бересін.

– Жарайды.
Алдымен Спандиярды телефонмен полиция бөліміне шақырды. «Полиция іздеп жатыр» дегесін. Жаппарқұлда жан бар ма, жетіп келді.
– Сіздің үйіңізге ұры түскені туралы хабарыңыз бар ма?
– Жоға, құдай сақтасын, оллаһи-бил-лаһи дейін...

– Сейф қайда тұратын еді?
– Подвалда.
– Соңғы рет қашан көрдіңіз...
– Есімде жоқ.
– Так, мына заттарды танысыз ба?
– Дүрбі менікіне ұқсайды. Сағат точно менікі.
– Мұны қалай білмегенсіз?
– Күнде сейфті актара бермейміз, керек затты ғана қараймыз да, жауып қоямыз.

– Жаксы. Бара беріңіз.
Келесі заттың иесі де келді. Ол өз дүниесін танығанда шоршып түсті.
– Мынаны сен құрттың деп баламнан көріп жүрсем, мұнда екен ғой.
– Үйіңізге ұры түскен.
– Не дейді! Алла сақтасын...

Заттар түгел таратылды. Бұлтартпас айғақ Нұрболдың қылмыскер екенін дәлелдеп тұр. Қазбалай берсе, тағы қанша зат шығарып бір құдай біледі.

– Нұрбол, сен кей адамның үйіне бірнеше рет ұрлыққа түстің. Олар сезіктеніп қалып, сені аңдыған болар...
– Мені жынды дейсіз ба, құнара бара беретін. Арасын суытып барам ғой. Дегенде адамы жоқ үйге кірмеймін.

– Сонда қалай?
– Ол таза ұрлыққа жатпайды. Қаруы жоқ адамға қару қолданған секілді.
– Ондай да әдіс бар ма?
– Әрине. Мен түнгі мезгілде, ел шырт ұйқыда жатқанда шығамын. Сол шақ ұрлыққа өте ыңғайлы.
– Қанша үйді тонадың, сол ақша қазір қайда?

– Негізгі оңай келген олжа оңай кетеді екен. Мен соны сездім. Әйтеуір бір тылсым күш беталды жұмсауға итермелеп тұрады. Әйтпесе, миллионер болатын уақыт туды. Дегенде мен сізге ризамын.

– Не үшін?
– Мені ұстағаныңыз үшін. Басқа адам ұстауы мүмкін емес. Менің артымнан сезікті із қалмайды. Ұрлық жасаған күні міндетті түрде моншаға барамын. Әбден тазаланамын. Киім де жуылады. Сосын елдің көзіне түсе бермеуге тырысамын.

– Нұрбол, болар іс болды, бояуы сінді. Енді өкінгенмен кеш. Түрмеде бос отырмай, өзінді тәрбиеле. Ұрлық жасамауға өзінді бейімде. Біреудің адал дүниесі сізге байлық болмайды. Наласы бар, одан жақсы болған адам көргенім жоқ.

– Көрермін!
Қылмыстық іс сотқа өткізілді. Сот Нұрболды айыпты деп санап, алты жыл бас бостандығынан айырды. Қазір ол Шымкент түрмесінде жазасын өтеп жатыр.

Қаныбек ӘБДУОВ,
журналист
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №93 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31